



АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 27 (8290) Сәрсенбі 18 наурыз 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ҚАПАУЫ, ЕЛДІҢ ТАҢДАУЫ

«ЖАСТАР ДАУЫСЫ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ»

Осындай ұранмен АПТА БАСЫНДА САРЫКЕМЕР ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ОБЫСТЫҚ ЖАСТАР



ФОРУМЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. Аудан орталығындағы оқу ошақтарының оқушылары қатысқан жиында Қазақстан халқы Ассамблеясының

филиалы жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты атқарушы хатшысының орынбасары Құрбан Сайн келешегіміздің кемелді болу жолында кейінгі буынның алатын орны жөнінде әңгіме етіп, Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы мен мемлекетімізде жастарды жан-жақты қолдау шаралары жүргізіліп жатқанын, оның ішінде білім алып, белгілі бір мамандықты меңгеру, қызметке қабылдау, тұрғын үймен қамтудағы түрлі бағдарламалардың

сіңірген ерен еңбегіне Жамбыл облысы пікірсайыс одағы «Еркін Пікір» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асхат Олжабаев тоқталды. Бірлік пен береке, татулық пен тұрақтылық орнаған Қазақстанның даму қарқынын мақтанышпен жеткізген Асхат Қарышғалиұлы жиынға жылған жастарды жарқын болашақ үшін дауыс беруге шақырды.


Форум барысында Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебінің оқушысы, «Жас Ұлан» балалар

КӘСІПКЕРЛЕР ДЕ ЕЛБАСЫН ҚОЛДАУДА

Елбасының кезектен тыс сайлауға түсуін қолдау мақсатында ел меценаттары мен кәсіпкерлер «Асар» қамқорлық акциясын өткізуде. Өткен аптаның сенбісі күні «Астананың 10 жылдығы» дендросаябағында өткен акцияда аудан кәсіпкерлері ағымдағы жылдың 26 сәуірінде өтетін Президент сайлауының маңызын, ел бірлігі мен ынтымағын сақтау жайында айта келіп, осы мақсатта өткеріліп жатқан шара қатысушыларын Елбасының кандидатурасын қолдауға шақырды.

Қайырымдылық акциясында ауданның ілкімді азаматтары, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының жетекшілері, жалпы кәсіпкерлер қауымы аудан орталығындағы Ғ. Мұратбаев мектеп-гимназиясы, Ю.Гагарин, Н.Киікбаев, Қазақстанның 40 жылдығы, сонымен қатар ауылдық округтердегі білім ошақтарында дәріс алып жатқан жетім, тұрмысы төмен отбасы балаларына, жалпы 50 оқушыға спорттық киімдер, аяқ киімдер, жылы жеңделермен бірге оқу құралдары табыстады. Бұл күні демеушілер тарапынан 225 мың теңгенің көмегі көрсетілді.

Өз тілшіміз.



СЕНБІЛІККЕ БІРКІСІДЕЙ АТСАПЫСТЫ

Еліміздің түкпір-түкпірінде көктемгі санитарлық тазалық, көркейту, көгалдандыру жұмыстарының екі айлығы басталды. Соған байланысты аудандық штаб

шығысымен өтіп жатқан сенбіліктің маңызын әңгімеледі. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Ө. Құрманалиев

туған өлкеміздің тазалығын, байлығын сақтау-әрбір жастың міндеті екендігін айтып, жастардың сенбілікте ерен еңбек үлгісін көрсетуге шақырды.

Аудан жастары «Астананың 10 жылдығы» дендросаябағын күл-коқыстардан тазалап, арық-атыздардың көзін ашты.

Жалпы бұл күні

11 тонна коқыс шығарылып, 360 түп ағаш отырғызылды.



құрылып, іс-шаралар жоспары бекітіліп, қарбалас тірліктер қарқын алуда. Тазалық – денсаулық кепілі. Саф ауада тыныстап, көз жауыналар табиғаттың сұлулығына тәнті болып, демалғанға не жетсін. Ол үшін қоршаған ортаның тазалығын сақтап қана қоймай, оған біркісідей атсалысу-баршамыздың міндетіміз болып табылады.

Өткен аптаның сенбісінде аудандық «Жастар орталығының» бастамасымен «Мәңгілік ел-жасыл ел» атты жастар сенбілігі өтті. Ұлыстың ұлы мерекесі қарсаңында өткен шара қатысушыларын аудан әкімінің орынбасары С. Кенжебаев құттықтап, көктем

Осындай игілікті шара ауданның барлық ауылдық округтерінде ұйымдастырылып, өткерілді. Өз тілшіміз.



ВЫРАЗИЛИ СВОЮ ПОДДЕРЖКУ

На днях в районном «Центре занятости» состоялось открытое собрание. В его работе принял участие первый заместитель председателя Байзақского филиала партии «Нұр Отан» Н.Тлепов, а также предприниматели района.

Темой собрания было обсуждение хода реализации государственной программы «Дорожная карта занятости-2020», а также материалов XVI съезда партии «Нұр Отан».

Темой собрания было обсуждение хода реализации государственной программы «Дорожная карта занятости-2020», а также материалов XVI съезда партии «Нұр Отан».

Было сказано о том, какая конкретно работа проводится в этом направлении – оно рассчитано на граждан, желающих организовать или расширить своё дело. Приоритетные возможности участия в программе предоставляются молодёжи и женщинам, живущим в сельской местности. Приглашённые на собрание предприниматели

Т.Кулбаев и К.Ауытов рассказали об опыте открытия своего бизнеса, о преимуществах получения кредитов по данной программе, о малых процентных ставках.

Затем перед собравшимися выступил делегат XVI съезда партии «Нұр Отан» Н.Тлепов, который поделился своими впечатлениями, рассказал присутствующим о ходе и результатах очередного съезда партии, главным моментом которого было то, что Н.А. Назарбаев дал своё согласие на участие в предстоящих выборах.

«Состоявшийся съезд стал одним из самых ожидаемых политических событий в нашей стране. Мы стали свидетелями судьбоносных моментов, - сказал Н.Тлепов. - Н.А. Назарбаев выступил на съезде с программной речью «Современное государство для всех: пять институциональных реформ», где были высказаны новые пути относительно будущего развития страны. Наши ожидания оправдались в плане новых задач, которые мы услышали из уст Главы государства, предложившего ответ на глобальные вызовы современности».

В заключение все присутствующие выразили свою поддержку решению о выдвижении Нурсултана Назарбаева кандидатом в Президенты Республики Казахстан на предстоящих выборах. Сотрудники районного «Центра занятости» заверили, что со своей стороны они приложат все усилия для достижения поставленных целей.

Наш корр.

БАЛАЛАР БОЛАШАҒЫ - ЕЛ БОЛАШАҒЫ

А.Қайыпназарқызы,
«Ауыл жаңалығы».

Бүгінгі бала - ертеңгі ел азаматы. Мемлекетіміздің келешегі кейінгі ұрпақпен тікелей байланысты дейтін болсақ, жасөскіnderімізге жақсы тәлім-



тәрбие беру, оның денсаулығы мен өмір қауіпсіздігіне жауапкершілікті күшейту кезек күттірмейтін іс. Міне, осы мәселе аудан әкімдігінің мәжілістер залында өткерілген келелі жиында сөз етілді.

Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі мен аудандық прокуратура бірлесе ұйымдастырған «Балалардың өмірін сақтайық!» акциясына аудандағы білім ошақтарының басшылары, құқық, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен психолог-социолог мамандар қатысып отырды. Іс-шараның ашылуында сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев күн тәртібіндегі маңызды мәселелермен таныстырып өтті.

Мұнан соң сөз алған аудан прокуроры, аға әділет кеңесшісі Н.Асабаев бала – болашақ бастауы екендігін, оның өсіп-жетілуінде ата-ана мен ұстаздың, жалпы қоғамның ролі турасында айтып берді. Нұрлан Қалтайұлы соңғы кездері өршіп тұрған - жастардың өз-өзіне қол сұғу фактілерін нақты дәлелдермен келтіріп, келеңсіздіктерге жол бермеу, ол үшін мектептердегі психолог мамандарының

біліктілігін арттыру, ата-аналар мен мұғалімдер арасында тығыз байланыс орнату керектегіне тоқталды.

Басқосуда бала болашағына жауаптылық - ортақ іс екендігін Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы басшысының орынбасары Д.Ускембаева сөз етті. Осыған байланысты өз баяндамасын оқыған Дамеш Шайхықызы жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын-алу мақсатында облыста арнайы ұйымдастыру комитеті құрылып, жұмыс жасап жатқандығын, мектеп мұғалімдері, жүйке аурулары дәрігерлерімен бірлесе істелген істер төңірегінде айтып өтіп, әлі де болса білім ошақтарындағы психологтардың көбісі жоғары білімді еместігін алға тартты.

аналармен бірге балаларға барынша көңіл бөлу» - деді Д.Ускембаева өз сөзін қорытып.

Ал, кезегімен мінбеге көтерілген Жамбыл облыстық жүйке аурулар диспансерінің бөлім меңгерушісі В.Мазепа «Еліміздің қарқынды дамуында қоғамға - дені сау ұлт, салауатты ұрпақ қажет» - деді күн тәртібіндегі мәселені тереңірек түсіндіріп. Жүйке ауруының маманы ретінде Виктор Александрович суицид-ауру екендігін мәлімдеп, оның шығу себептері, нақты кай мезгілде өршейтіндігін, ауруды емдеу жөніндегі дәрігерлік кеңесімен бөлісті. Облыс көлеміндегі жыл сайынғы көрсеткіш көңіл көншітпейтіндігін ашық айтты. Олқылыққа орын бермеудің жолдарын ауызға алды.

Мұнан кейін Тараз қаласындағы «Дарын» мектебінің, Бұрыл елді мекеніне қарасты Бұрыл орта мектебінің психологтары Н.Түрсынбекова, Р.Қабылбекова, аудандық қоғамдық ата-аналар кеңесінің төрайымы Қ.Рыскелдиева, аудандық психологтармен медиаторлар ассоциациясының төрайымы Ғ.Көшекбаевалар сөзге шығып, жастар жиі баратын суицидтке тосқауыл қою төңірегіндегі ойларын бөлісе, Байзақ аудандық білім бөлімінің әдіскер-психологы Р.Сабытбекова білім ошақтарынан алынған анонимдік сауалнаманың қорытынды нәтижесін талдады.



Жиынды аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев қорытындылап, көпшіліктің ортақ ойы - бала болашағына бүгіннен бастап көңіл бөрудің маңызын тілге тиек етті, баршаны бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯ АЯСЫНДА

ӘДІЛЕТ КЕҢЕС БЕРЕДІ



қоғамдық қабылдауға аудан тұрғындары өздерін толғандырып жүрген сауалдары

бойынша тиісті жауаптар алды. Атап айтқанда, құмжоталық тұрғын А.Иргизбаева тіркеуге

тұру жолдары, аудандық Жастар орталығының қызметкері А.Алиханов жеке куәлік ауыстыру және ауыл тұрғындары Г.Жолмағанбетова, К.Арықбаев, Б.Абдуқадыровтар жеке өтініштерін білдірді.

Қоғамдық қабылдау қатысушыларының әрбір ұсыныс-өтініштерін мұқият тыңдаған лауазымды тұлғалар тиісінше нақты жауаптар қайтарып, кейбір мәселелерге орай кеңестер берді.

Өз тілшіміз.

Высказали общее мнение

Р.Джакипбаева,
«Ауыл жаңалығы».

ТОО «ROLA-7» представляет собой пример успешного развития отечественного бизнеса. Это одно из крупных производственных предприятий не только района, но и области. Сегодня здесь трудится 115 человек. Это многонациональный коллектив, насчитывающий представителей 15 национальностей.

За семь лет своей деятельности товарищество довело производство макаронных изделий до 20 видов, также изготавливает муку и манную крупу высшего качества. За высокие показатели сбыта на рынке республики и отличное качество продукции предприятие имеет множество наград, дипломов: «Лучший предприниматель», «Парыз» и одну из высших наград «Казахстан кошбасшысы».

Продукция ТОО успешно реализуется не только в районе, области, но и по всему Казахстану – Астане, Алматы, Шымкенте, Актау, Атырау и т.д.

В эти дни повсеместно в районе, как и по всей стране, проводятся собрания в поддержку решения нуротановцев о выдвижении Нурсултана Назарбаева кандидатом в Президенты Республики Казахстан. В этом плане не остался в стороне и трудовой коллектив ТОО «ROLA-7».

Вчера здесь прошло общее собрание коллектива предприятия, многие из которых являются членами партии «Нұр Отан».

Выступая перед собравшимися, руководитель ТОО «ROLA-7», член партии «Нұр Отан» Т.Нурбаев отметил, что в стране динамично развивается малый и средний бизнес, создаются новые рабочие места, растёт благосостояние граждан, и всё это благодаря умелому руководству Президента страны Н.Назарбаева. Поэтому он горячо поддерживает выдвижение Главы государства кандидатом в Президенты Республики Казахстан.

Выступившие вслед за ним бригадир макаронного цеха Н.Чернышова, мастер смены Ж.Чахалова, слесарь Ж.Гатиятуллин поддержали своего директора, тем самым выразив общее мнение всего коллектива.

«Решение, принятое на съезде партии «Нұр Отан», считаю верным, - сказала мастер смены Ж.Чахалова. – Я не вижу более достойной кандидатуры для участия на предстоящих выборах.

Наш коллектив многонациональный. Мы живём и работаем в мире и согласии, никогда не было у нас недоразумений на межнациональной почве. И считаю, что всё это благодаря миролюбивой, дальновидной политике Нурсултана Абишевича Назарбаева. И только с ним мы связываем развитие нашей страны, мирного сосуществования всех народов Республики Казахстан.

Поэтому я и весь коллектив выражаем поддержку нашему Президенту и высказываемся в пользу продолжения его мудрой миролюбивой политики».

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ САПАСЫ - БАСТЫ НАЗАРДА

Е.Тұмабеков, тәртіптік-әкімшілік тәжірибе және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бөлімінің басшысы.

Мемлекеттік қызмет - ол мемлекеттік органдар тарапынан жеке және заңды тұлғалардың жүгінуі бойынша, жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер - қоғамдық қатынастардың барлық салаларында кездесіп, өз орнын алады.

Атап өтетін болсақ, ол азаматтық хал актілерін тіркеу, жылжымайтын мүлікті тіркеу, автокөлікті тіркеу және тағы басқада қатынастарды қамтиды. Осы тұрғыда мемлекеттік қызметті алушылардың тұтынушылығы мен қажеттілігін жүйелі түрде зерделеу мәселесі ерекше назарда.

Әлемдік тәжірибеге сүйенген болсақ, көптеген елдердің жүргізген реформасының негізгі мақсаты, мемлекеттік органдардың көрсетілетін мемлекеттік қызметтерін қызмет алушыларға бағыттауы болып табылады.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10, 11 баптарында белгіленгендей, мемлекеттік қызметті көрсететін орталық мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруды қамтамасыз етіп отыруы қажет.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттерін бекітіп, оларға уақытылы өзгерістердің енігізіп отыру, мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарында қарастырылған құжаттардан басқада артық құжаттарды сұрауға жол бермеу, мемлекеттік қызметтерді кешіктірмей, белгіленген уақытта көрсету, мемлекеттік қызмет көрсету процессін автоматтандыру мен онтайландыру, және тағы басқада іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізілмек.

МАЙДАНГЕРДІ ТОРҚАЛЫ ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Г.Әбдіқұлова,
«Ауыл жаңалығы».

Ардагерлер-ел мақтанышы. Ел басына күн туған шақта елін, жерін, туған халқын жаудың езгісінен

қорғап, ерлік пен қаһармандықтың өнегесін көрсеткен соғыс ардагерлері бүгінде жастар бойында патриоттық,



отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруда өзіндік үлес қосып келеді. Ұлы Отан соғысының 70 жылдығы қарсаңында аудан аумағында тұрып жатқан 11 соғыс ардагеріне қамқорлық көрсетіліп, қарияларымыздың мерейлі қуанышына ортақтасу да назардан тыс қалмауда. Дүйсенбі күні аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Р.Шәметов бастаған бір топ майдангер Баха Рустанбековтің отбасында болды.

1942 жылы Отанды қорғауға аттанған Баха ақсақал Жапония, Манчжурия, шалғай Шығыс майдандарында жаумен шайқасқан. 1948 жылы елге оралған соң бұрынғы «Трудовой пахарь» ұжымшарында бригадир, 1952-1962 жылдары Жамбыл облыстық ішкі істер органында қызмет еткен. 1983 жылы зейнетке шыққанша аталмыш ұжымшарда жүргізуші, малшы болып еңбек етіп, үкрметке бөленген. «Отан соғысы» орденімен, «Украинаны азат еткені үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін» және «Еңбек ардагері» басқа да медальдардың иегері бүгінде 90 жасқа толып отыр. Мерейтой иесін торқалы тойымен құттықтаған Сағындық Жұмағұлұлы мен Рәш Шәметов өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Баха ақсақалдың соғыстағы және бейбіт өмірдегі еңбек жолына тоқталып, аудан әкімінің Құттықтау хатын, сый-сияпатын табыстады. Иығына зерделі шапан жапты.

3 қыз, 3 ұлдан 20 немере, 10 шөбере көріп отырған қарт майдангер Елбасының жаңажылдық тарту-таралғысына ризашылығын білдіріп, өзін құрметтеген азаматтарға алғысын айтып, батасын берді.

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Сейсенбі күні аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының біріккен отырысы болып өтті.

Тұрақты комиссиялардың бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, күн тәртібінде алдымен «Экология, табиғатты пайдалану, денсаулық, жаңа мен әйелдер ісі, мүгедектер және тұрғындардың тұрмысы төмен бөлігін әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссиясы Р.Сапарбековтің төрағалығымен «Ауданда туберкулез ауруының алдын алу шаралары туралы» мәселесі, «Аумақты экономикалық дамыту, қаржы, бюджет, әкімшілік аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері және жер учаскелерін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау» жөніндегі тұрақты комиссиясы С.Молдабековтің төрағалығымен «Ауданда жеке қосалқы шаруашылық және тұрғын үй құрылысын жүргізуге берілген жерлер мен ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге түгендеу жүргізудің барысы туралы» мәселесі және «Білім, тілді дамыту, мәдениет, ұлттық және азаматтық келісім, жастар ісі және спорт мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясы Т.Қадимованың басшылығымен «Ауданның білім беру мекемелеріндегі оқушыларды ыстық тамақпен қамтудың барысы туралы» мәселелер талқыланды.

Талқыланған мәселелер бойынша комиссия мүшелері өз пікірлерін білдіріп, атқарылған жұмыстармен қатар кемшіліктердің де бар екендігін, келешекте бұл бағытта жұмыстарды жандандыру қажеттігіне тоқталды. Отырыс барысында комиссия мүшелері тарапынан хабарламашыларға көптеген сұрақтар қойылып, оған тиісті жауаптар берілді.

Талқыланған мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

Өз тілшіміз.